

Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы ЕСЕП

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
жанындағы 8D016- **Тарих бағыты бойынша** педагогтарды даярлау
(8D01601 – **Тарих**, 6D011400-**Тарих**) мамандығы бойынша
Диссертациялық кеңес

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің
жанындағы 8D016-Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдерді
даярлау (8D011601-Тарих) бағыты бойынша диссертациялық кеңес.

1. Өткізілген отырыстар саны жайлы мәліметтер

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
жанындағы диссертациялық кеңесте 8D016 – Гуманитарлық пәндер
бойынша мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша есепті жылы 1
отырыс өткізілді (01.01.2025 ж. бастап 31.12.2025 ж. дейін).

2. Диссертациялық кеңес отырыстарына жартысынан кем қатысқан кеңес мүшелерінің аты-жөндері.

Диссертациялық кеңес отырыстарына жартысынан кем
қатысқан кеңес мүшелері жоқ.

3. Білім беру ұйымы көрсетілген докторанттардың тізімі.

*Қилаш Расул Жангелдыұлы, Әлкей Марғұлан атындағы
Павлодар педагогикалық университеті.*

4. Есепті жыл ішінде кеңес қараған диссертацияға қысқаша талдау:

Қилаш Расул Жангелдыұлының диссертациясы бойынша:

Диссертация тақырыбы: «Тарихты оқыту барысында тарихи
тұлға туралы білімді қалыптастыру (XIX–XX ғғ. көрнекті
қайраткерлердің өмірбаяны негізінде)», 8D01610 – «Тарих» бағыты
бойынша.

Ғылыми кеңесшілер: т.ғ.д., профессор Г.Е. Отепова; т.ғ.д.,
профессор С.В. Джунджузов.

Қорғау күні: 2025 жылғы 13 маусым.

*Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер
алынған:*

Пәнаралық тәсіл мен биографиялық әдісті біріктіруге
негізделген тарихи тұлға туралы білімді қалыптастырудың әмбебап
құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды.

Қазақстан тарихы бойынша мектеп оқулықтарына құрылымдық-функционалдық талдау жүргізіліп, гендерлік аспектіні күшейту және аз танымал тұлғаларды енгізу қажеттілігі негізделді.

Мұрағаттық материалдар арқылы бұрын көлеңкеде қалған қайраткерлердің (атап айтқанда, «Алаш» өкілдерінің) есімдері алғаш рет білім беру үдерісіне енгізілді.

Жаңа оқыту моделіне бейімделген 10-сыныпқа арналған мектеп курсының 10 тақырыбы бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірленіп, енгізілді.

Оқытудың интерактивтілігін қамтамасыз ететін «Батыр жолы: екі империя арасында» атты авторлық үстел ойыны мен мұғалімдер мен оқушыларға арналған білім беру сайты жасалды.

Оқушылардың когнитивті қабілеттері мен тарихи санасын дамыту үшін мұрағаттық құжаттарды пайдаланудың педагогикалық маңыздылығы дәлелденді.

2) диссертация тақырыбының «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастырған ғылымды дамыту бағыттарымен байланысы:

Зерттеу жұмысы ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауына, мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына, сондай-ақ 2023-2029 жылдарға арналған тіл саясатын дамыту тұжырымдамасына сәйкес келеді.

3) диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.

Зерттеу нәтижелері мектеп оқу үдерісіне, атап айтқанда 10-сыныптың тарих курсына енгізілді. Авторлық үстел ойыны мен білім беру сайты мұғалімдер мен оқушылардың практикалық жұмысында қолданылуда.

5. Ресми рецензенттер жұмысын талдау (ең сапасыз пікір мысалдарымен бірге).

Садықов Тілеген Садықұлы – тарих ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Астана қ., Қазақстан).

Батырбекқызы Гаухар – PhD, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің доценті (Шымкент қ., Қазақстан).

6. Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері:

Абдулина Аксункар Турсуновна – т.ғ.к., Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қауымдастырылған профессоры (Алматы қ.).

Белоус Светлана Геннадьевна – PhD, Абай атындағы ҚазҰПУ (Алматы қ.).

Контев Аркадий Васильевич – т.ғ.к., Алтай мемлекеттік педагогикалық университетінің профессоры (Барнаул қ., Ресей).

7. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар.

Диссертацияларды қорғауға жіберетін бітіруші кафедралар зерттеу жұмысының сапасына және қорғауға қажетті құжаттарға ерекше назар аударуы керек.

8. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін алу үшін әзірленген диссертациялардың саны:


	8D01601-Тарих, 6D011400-Тарих
Қорғауға қабылданған диссертациялар	1
Қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа жоғары оқу орындарының докторанттары);	1
Қараудан алынған диссертациялар (оның ішінде басқа жоғары оқу орындарының докторанттары)	-
Рецензенттердің (оның ішінде басқа жоғары оқу орындарының докторанттарының) теріс пікірлері алынған диссертациялар	-
Қорғау қорытындысы бойынша теріс шешіммен диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттары).	-

Диссертациялық
Кенес төрағасы


(қолы, тегі және аты-жөні)

Қойгелдиев М.Қ.

Диссертациялық Кенестің
ғылыми хатшысы


(қолы, тегі және аты-жөні)

Асымова Д.Б.

«31» желтоқсан 2023 жыл

